

Ақтөбе облысының білім басқармасы» «Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған облыстық арнайы түзету мектеп-балабақшасы» КММ-сі сіздің 1.10.2020 № 5-4234 жылғы хатыңыз бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша атқарылған жұмыс туралы келесі ақпарат береді. Жемқорлықты болдырмау мен алдын алуға арналған әрбір іс-шараның негізгі мақсаты:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру, оның алдын алу көріністерін азайту.
2. Құқықтық мәдениет деңгейін жоғарылату, құрылымдық және қоғамдық ұйымдардың жұмысын қамтамасыз ететін қабылданған шешімдердің ашықтығы және жариялылығы.
3. Оқу-білім үрдісінде оқушылар мен оқытушылар тарапынан болатын келеңсіз әрекеттердің алдын алу және оларға қатаң бақылау қою.

Мұғалімдермен өткізілген кеңес беру жұмыстарының негізгі бағыттары:

- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық пен күрестің нормативтік құқықтық базасын;
- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық үшін жауапкершілікке тартылу тәртібі;
- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу және жол бермеу;
- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты әр түрлі іс-әрекеттерге қарсы шығу.


Ақша жинауға жол бермеу мақсатында «Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналарынан ақшалай қаражат жинауға тиым салу туралы» арнайы дәрістер өткізілді



Мектептің 1-кабатында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында оқушылар мен ата-аналарға арналған мектептегі теріс әрекеттер, ұрлау және күшпен ақша алу жағдайларын кездестіру кезінде оқушылар өз ескертулерін жасап, өтініштерін хат жазу арқылы білдіретін арнайы «**сенім жәшігі**» ілінген. Бұл жәшікке келіп түскен өтініштер мен хаттар апта соңында мектеп әкімшілігі және мектеп инспекторының қатысуымен алынып, жұмыс жүрізіліп, қаралады. Сонымен қатар, сенім телефондары жазылып, көрсетілген.

Қыркүйек айында сыбайлас жемқорлыққа байланысты жұмыс жоспары жасалып, бекітілді. Мектеп басшысы Э.Аймаганбетова педагогикалық ұжыммен «**Сыбайлас жемқорлықсыз ел – өркендеуші ел**» тақырыбында онлайн жиналыс өткізді. «**Сыбайлас жемқорлықсыз**





Ата-аналардан сауалнама алынып, қорытындысы шығарылды.

Күнделікті оқу процесінде жемқорлыққа жол бермеу мәселелері үнемі қадағаланып отырады.

Білім беру ұйымдарында ата-аналардан ақша жинау туралы фактілерінің орын алуын болдырмау мақсатында мұғалімдермен, сынып жетекшілермен үнемі жиналыстар өткізіліп, түсінік жұмыстары жүргізіліп тұрады.